Бекітемін:
ЖШС «Томирис» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Махамбетова Х

Меңгеруші жанындағы кеңестің
№1 хаттамасы.

Тақырыбы: Балабақшада технологияларды пайдалану.
Қатысқандар:10
Күні: 04.09.2023

Күн тәртібі.

1. 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік бірлестігінің жұмысын талдау.
2. Әдістемелік бірлестік жұмысының жоспарын талылау
3. Нормативтік-құқықтық құжаттарды қарастыру
4. Мектеп жасына дейінгі балалалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізуді ұйымдастыру.
5. Педагогтердің өзіндік білім көтеру тақырыптары мен мақсат міндеттерін айқындау.

1. Тыңдалды:
Балабақша меңгерушісі Махамбетова Халима 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік бірлестігінің жұмысын талдау.
Шолу тексерудің қортындысына тоқталып өтті.

- Біздің басты мақсатымыз балаларды толыққанды дамыту – қимыл белсендігіне жағдай жасау, пайдалы жіне құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым- қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі болып табылады.

Жаңа оқу жылында стандарт талаптарын, жаңа үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру балабақшамыздың ішкі жағдайында балаларды тәрбиелеуде демек, педагогтерге ойынға басымдық беру ұсынылад. Ол үшін балардың қызығушылықтарына сәйкес заттық дамытушы ортаны құру және ұйымдастырылған іс-әрекеті балалардың бастамаларын, пікірі мен тілектерін ескере отырып, оларды зеріктірмей, балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру арқылы қызықты ойын түрінде өткізу көзделеді. Шолу тексеру нәтижелері орташа деп бағалаймын, толықтырулар қажет етеді. Аталған басымдықтарды, талаптарды ескере отырып, толықтырулар жүргізуді тапсырды.

2. Тыңдалды:

Әдістемелік бірлестік жоспарын талқылау, бекіту. Балабақша әдіскері Ходжаханова Мадина Оқу үрдісін ұйымдастыруда балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар деңгейінде бағдарламаға сәйкес берілген білімді меңгеруі, балалардың шығармашылығын, өздігінен ізденісін шыңдап, қабілеттерін арттыру.
ӘБ оқу – тәрбие, әдістемелік және тәжірибе – эксперименттік жұмыстарын осы негізгі ережелерді басшылыққа ала отырып, жүзеге асырады. Әдістемелік бірлестік құрамына төмендегі тәрбиешілер кіреді.

1. Сармурзаева М 2. Куштаева С 3. Мустафаева Р 4. Хо04джаханова М. Әдістемелік бірлестік жетекшісі болып Ходжаханова М тағайындалсын.

3. Тыңдалды:

Нормативтік- құқықтық құжаттарды қарастыру.

Нормативтік-құқықтық құжаттар және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы балалардың құқықтарын қорғау

Мектепке дейінгі тәрбиешілерге кеңес беру

Консультацияның мақсаты :
- Бала құқықтарын қорғау бойынша мұғалімдердің құқықтық мәдениеті туралы білімдерін қалыптастыру.
- Ата-аналардың белсенді педагогикалық ұстанымын қалыптастыру және оларды қажетті құқықтық біліммен қаруландыру, балалардың қоғамға жат тәрбиесінің алдын алу.
Міндеттері:
- Ата-аналардың құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеру, негізгі ережелерді бірлесіп зерделеу.
-Бала құқықтары туралы конвенция.
- Ата-аналардың жеке ұстанымын, балалармен адамгершілік қарым-қатынас стилін қалыптастыру.

-Ата-аналарды балаларды тәрбиелеу мен дамыту үдерісіне, мектепке дейінгі білім беру мекемесінің өміріне тарту.
- Арнайы құқықтық тәрбие бойынша практикалық және көрнекі материалдардың қоржынын толықтыру.
Даму кезеңдері:
-Мектепке дейінгі мекемемен, негізгі нормативтік құжаттармен танысу.
-Ата-аналарға құқықтық білім беруді жоспарлау және қамтамасыз ету.
-Ата-аналарды балабақша өміріне қатысуға тарту туралы.
- Мұғалімдер мен мамандардың отбасыларға баруы.
-Жұмыс нәтижелерін талдау.
Жұмыс формалары:
-Бірінші жалпы жиналыста мектепке дейінгі білім беру мекемесінің негізгі құжаттарымен және негізгі құқықтық құжаттармен таныстыру.
-Топтық ата-аналар жиналысы.
- Баланың жеке ерекшеліктері бойынша ата-аналарға сауалнама жүргізу.
-Сауалнама және тестілеу.
- Ата-аналармен жұмыстың жеке формалары (әңгімелесу, консультациялар, отбасыларға бару, ата-аналардың тапсырмалары және т.б.)
-Мамандардың кеңесі.
- Мектепке дейінгі білім беру ұйымында құқықтық және басқа тақырыптар бойынша ашық сабақтарға қатысу.
-Ата-аналардың қатысуымен бірлескен іс-шаралар.
-Бірлескен іс-шаралар қолөнер, сурет көрмелері, мерекелік стендтер мен газеттер көрмелері және т.б.

4.Тыңдалды: Мектеп жасына дейінгі балардың біліктіктері мен дағдылырының дамуына мониторинг жүргізуді ұйымдастыру.

Балабақша әдіскері Ходжаханова Мадина Мониторинг 2023-2024 өзгешіліктерімен таныстырып өтті

Баланың даму динамикасынтуралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі. Мониторинг мақсаты:

- баланың жетістіктерін қадағалау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;
- түзету шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

5. Тыңдалды:

Педагогтердің өзіндік білім көтеру тақырыптары мен мақсат міндеттерін айқындау.

Өзіндік білім көтеру- тәрбикші және педагогикалық ұжымның кәсіби дамуының негізгі құралы.

Бүгінде ғылым білімге қояр талап артып, оқу жүйесі де күрделенген шақта жаңа қоғам мұғаліміне жүктелер жүк еселене түсуде. Ұстаз қауымы алдында жай білім беру ғана емес, сонымен қатар өркениет көшіне жол бастайтын,әрі ұлттық рухта сусындаған білімді,дарынды азаматтар тәрбиелеп шығару міндеті тұр.

Бұл жолда тәрбиешінің кәсіби шеберлігін дамыту,біліктілігін арттыру сынды мәселелер мектеп алдында тұрған жауапты іс болмақ..

Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек,жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған негізгі мәселенің бірі білім беру, ғылымды дамыту екендігіне ешкімнің таласы жоқ.

Тәрбиеші қолында, адам тағдыры,болашақ ел тағдыры тұр. Жақсы тәрбиеші бәрінен де қымбат,өйткені тәрбиеші балабақшаның жүрегі Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші,жаттандылықтан аулақ практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген, психолог-педагогтік диагностика қоя білетін іскер, шығармашыл ұстаз керек. Сабақ – біртұтас жүйе. Әрбір күн өзгеріске толы қазіргі жауапты кезеңде заман көшінен қалмай, уақыт талабына сай болу, білімді өз бетінше үйрену, оны оқушыларға үйрету ұстаздықты мұрат еткен әрбәр кәсіп иесінің ең қасиетті борышы, абзал парызы.

Тәрбиеленушілерді Отанды сүюге, адамдыққа, адалдыққа ізгілікке баулу ұрпақ тәрбиешілерінің абыройлы парызы. Ол үшін мұғалім қазіргі заманға лайық өзінің білімін беру ісінде рухани, парасатты шығармашылық ізденіспен жұмыс істеп, өмірге еніп жатқан жаңа технологияны меңгерген білігі мен білімі жоғары ұлағатты тұлға болуы тиіс.

Сонда балабақшада , тәрбиешіде де бала үшін қызмет етпек.

Шешім:

1. Шолу тексеру нәтижелерінде аталған басымдықтарды ескере отырып, толықтырулар жүргізу.
Жауаптылар: әдіскер Ходжаханова М, тәрбиешілер.

Төрайымы: Махамбетова Х.

Хатшы: Ходжаханова М.